Түсіндірме жазба

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, инватакси қызметін мемлекеттік сатып алу туралы төмендігіні мәлімдейді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бап, 3-тармағының 35) тармақшасы: егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады.

Осы тармақша өнім беруші өткен жылы жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда , егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырмай қолданылады» делінген.

Осы талаптарды негізге ала отырып, аудандағы гемодиализ орталықтарынан қызмет алатын созылмалы бүйрек жетіспеушілігі сырқаты салдарынан мүгедектігі бар адамдардың автокөлікке қажеттілігіне туындағанына байланысты инватакси қызметіне мұқтаждығы бар екендігі ескерілуде.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік сатып алуға инватакси қызметіне 2026 жылға бөлінген сома 8800000 теңге *(қосымша құн салығын қоспағанда)*. Одан қаңтар-ақпан айларына 1450000 теңге *(қосымша құн салығын қоспағанда)* бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылуда. Себебі конкурс нәтижесімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы шыққанға дейін осы тәсіл қолданылады.

2026 жылдың қалған наурыз – желтоқсан айлары үшін 7350000 теңге *(қосымша құн салығы қоспағанда)* мемлекеттік сатып алу порталында конкурс жарияланады.

Бөлім басшысы **А. Есмағанбетова**